bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2018

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# ЦИКЛОГРАММА Бір аптаға ( 2-6қазан 2017 ж.) «Күншуақ»ересек тобы

**ЖАРИЯЛАНДЫ** 08.01.2018
**СІЛТЕМЕ** https://bilimger.kz/25672/

**АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА**

## ЦИКЛОГРАММА

***Бір аптаға ( 2-6қазан 2017 ж.)***
***«Күншуақ»ересек тобы***

Өтпелі тақырып«Менің отбасым»
Тақырыпша«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»

| **Күн тәртібі** | **Уақыты** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.**<br>Ата-аналармен әңгімелесу.<br><br>Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б. ) | 8:30-8:50 | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.**<br>Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар. | Құрылыс ойындары «Қуыршақтарға  үй құрастырамыз». | Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы достары туралы айту. | Саусақ ойыны  «Әжемнің әңгімелері».<br>Өз отбасы туралы әңгімелеп беру . | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр»<br>Балалармен балабақша туралы әңгімелесу. |
| Таңертеңгі гимнастика. | 8:50 –9:00 | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Таңғы ас** | 9:00 – 9:30 | Астарың дәмді болсын! | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметтері.** | **9:30**<br>**9:55** | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**Менің анам.<br>**Мақсаты:**Балаларды отбасы мүшелерін бейнелеуге үйрету, адамның тұлғасын салуға үйретуді жалғастыру,дене өлшемдерін нақты бере білуді жетілдіру.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**адам бейнесі.<br>**Қажетті құрал жабдықтар:** бояулар, қылқалам, қағаз, су, сүлгі,ақ қағаз.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>«Мен және менің отбасым»тақырыбын да әңгімелесу.<br>Өз отбасы және отбасы мүшелерімен таныстыру.<br>Үлгі бойынша сурет салу.<br>Сурет салудың әдіс-тәсілдерімен таныстырып,түсіндіру.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Біздің көрме»ойыны.<br>**Қорытынды жасау.** | **1.Сөйлеуді дамыту.** | **1.Қ.М.Ұ.Қ.**<br>**Тақырыбы:**9санымен таныстыру.<br>**Мақсаты:**Көрнекілік  негізінде 9 санының құрамыментаныстыру.<br>9 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға үйрету.Заттарды шамасы на қарай өсу және кему  ретімен орналастыруға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ –жауап,әңгімелеу.<br>**Көрнекілігі:**геометрия лық пішіндер,кеспе сандар.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Геометриялық пішіндер және оның түрерімен таныстырып естеріне түсіру.Сипаттап әңгімелеу.<br>0 ден 8ге дейінгі сандарды тура және кері санау.<br>9санымен және оның құрамымен таныстыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Кім жылдам?»ойыны.<br>**Қорытынды жасау.** | **1.Сауат ашу.** | **1.Өзін-өзі тану.**<br>**Тақырыбы:**Мен және менің отбасым. **Мақсаты:**Ата-аналары мен өзара әрекеттестік арқылы қарым-қатынас қуанышы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы адами құндылықтардың: сүйіспеншілік,бақыт, мейірімділік,түсіністік, сыйластықты қалыптастыратын орта екендігі туралы түсінікті дамыту.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Отбасы туралы балалар өз білетіндерін айтып әңгімелейді. Суретке қарап әңгімелеу.<br>**Сұрақ-жауап.**<br>-Балалар отбасы дегеніміз не?<br>-Өз отбасы мүшелерін ата.<br>-Сенің отбасында кімдер тұрады?<br><br>**Сергіту сәті.**<br>**Дид.ойын:** «Кім не істеп жатыр?»(Сурет бойынша)<br>**Қорытынды жасау.** |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 10:05-10:30 | **2. Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:**Күзгі еңбек.**Мақсаты:**Адамдардың күз мезгіліндегі еңбегі туралы білімдерін кеңейту:егін жинау,азық-түлікті қысқа дайындау.Сөздік қорды байыту: бидай өсіру,егін жинау,астық қоймасы, көкөніс қоймасы.Нанды қадірлеуге,адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.**Көрнекіліктер:** Күзгі еңбек туралы суреттер.<br>**Алдын-ала жұмыс:** Бақша ауласында бақылау:<br>-Күн салқын;<br>-Жапырақтар түсіп жатыр;<br>-Жел;<br>-Балабақша ауласындағы ағаштар;<br>Сурет бойынша әңгіме.Күзгі еңбек түрлерімен таныстыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Сұрақ-жауап.**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>-Адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады?<br>Дид.ойын: «Не қайда өседі?»<br>**Қорытынды жасау.** | **2.Аппликация.** | **2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** Менің отбасым.<br>**Мақсаты:**Отбасы тақырыбына байланысты өлең оқып беру, оның мазмұнын ашу,жаттаған өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету. Әдеби жанрды ажыратуға баулу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**хрестоматия, отбасы туралы суреттер.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Отбасы туралы түсінік беру.<br>Кіріспе әңгіме.<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыру. «Менің отбасым»<br>Сұрақ-жауап.<br>-Отбасы дегенде нені түсінесіңдер?<br>-Сенің отбасыңда кімдер тұрады?<br>-Сенің ата-анаңның мамандағы қандай?<br>**Дид.ойын:** «Кім жоқ?»<br>**Сергіту сәті.**<br>Тақпақ жаттау.<br>«Отбасы»<br>Атамнан басталар,<br>Әжемнен қосталар<br>Отбасым мынылар:<br>Ең жақын адамдар-<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар…<br>Бәрінжақсыкөремін,<br>Еркелеймін,еремін!<br>**Қорытынды жасау.** | **2.Ойна да ойла (вариативтік)** | **2.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:**Өз отбасы мүшелерін атау.<br>**Мақсаты:**Ата-анасы ның,отбасы мүшелерінің аты-жөнін айта білуге үйрету, туыстық байла ныс туралы түсініктерін қалыптастыру.Өз ата-анасының еңбегі жайлы айта білуге, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға баулу.Өзінің мейірім ділік сезімдерін отбасы мүшелеріне сөзбенайта білуге тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Үйлердің суреттері.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Отбасы туралы түсінік беру.Сурет бойынша әңгіме.<br>**«Ойлан, тап» тапсырмасын орындау.**<br>— Балалар, менің кім туралы айтып тұрғандарымды ойланып табыңдар.<br>— — Ақ сақалды, өте мейірімді, бау- бақшаны баптайды. Немерелерін жақсы көреді. Ол кім?<br>— — Ата.<br>— — Өзі өте мейірімді, ақ шашты, жылы сөзін аямайтын, қолғап,шұлық тоқып беретін кім?<br>— — Әже.<br>Сергіту сәті.Дид.ойын: «Кім жоқ?»<br>Сұрақ-жауап.<br>**Қорытынды жасау.** |
| | 10:40-11:05 | **3.Ағылшын тілі.(Педагог жоспары бойынша)** | **3.Ертегі әлемі (вариативтік)** | **3.Орыс тілі.(Педагог жоспары бойынша)** | **3.Дене шынықтыру.(Педагог жоспары бойынша)** | **3.Дене шынықтыру. (Педагог жоспары бойынша)** |
| | 11:15-11:40 | **4.Музыка.(Педагог жоспары бойынша)** | **4.Дене шынықтыру.(Педагог жоспары бойынша)** | **4.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** Адам.<br>**Мақсаты:**Балаларды ұжымдық жұмысты бірлесіп орындауға үйрету: пішіндердің өлшемдерін сәйкестеуге, таңдап алған тақырыпқа сәйкес оларды бір тұғырға орналастыру; мүсіндеу барысында адамдардың қимыл-қозғалыстарын бере білу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер , қажетті құрал-жабдықтар:**<br>Ермексаз ,тақтайшалар, сулықтар , адамдар бейнеленген сурет.<br>**Ұйымдастыру.**<br>Отбасы және отбасы мүшелері мен таныстыру.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>Дайын үлгіге қарап қимыл-қозғалыстағы адамды мүсіндеу.<br>Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін үйрету.<br>Жұмысты бастау.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Кім тапқыр?»ойыны.<br>**Қорытынды жасау.** | **4.Музыка(Педагог жоспары бойынша).** | **4.Сиқырлы қылқалам.(вариативтік)Тақырыбы:**«Поезд суретін салу»<br>**Мақсаты:**Ыдыстағы гуашь бояуына губканы малып, ақ қағазға бастыру арқылы поездың вагондарын салуды үйрету.Қылқаламды акварель бояуға малып алып, вагондардың астынан бір – біріне паралель екі сызық сызу арқылы поездың жолын салып,жолдың ортасына қылқаламмен тігінен таяқшалар жүргізу арқылы рельстерін бейнелеуге жетілдіру.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**адам бейнесі.<br>**Қажетті құрал жабдықтар:**<br>бояулар, қылқалам, қағаз, су, сүлгі,ақ қағаз.<br>**Ұйымдастыру.**<br><br>Сурет салудың жаңа техникасымен таныстыру және поезд суретін салуды үйрету.<br>Үлгі бойынша сурет салу.<br>Сурет салудың әдіс-тәсілдерімен таныс тырып,түсіндіру.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Кім жылдам?»ойыны.<br>**Қорытынды жасау.** |
| «Табиғат аясында»<br>Серуенге дайындық. | 11:40-11:50 | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| Серуенге шығу. | 11:50-12:30 | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br>Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау.<br>**Мақсаты:** құстарды тануға,дене бөліктерін атауға үйрету;құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу<br>Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы, гүлдерді суару)<br>**Мақсаты :**қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>1. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр» (2-3рет қайталау);<br>**Мақсаты:**Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.<br>Дербес ойын әрекеті, серуенге алып шыққан материалдармен ойындар<br>Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру. | | | | |
| «Ас — адамның арқауы»<br>Түскі ас. | 12.30-13.00 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| «Тәтті ұйқы»<br>Ұйқыға дайындық, ұйықтау. | 13:00-15:20 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| «Ұйқымызды ашайық»<br>Ұйқыдан ояну.<br>Шынықтыру шаралары. | 15:20 – 15:45 | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| «Астарыңыз дәмді болсын!»<br>Бесін ас. | 15:45 – 16:10 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. | | | | |
| Баланың даму картасынасәйкес жекежұмыс. | 16:10-16:40 | Үстел үсті театры «Менің отбасым» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»;<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»;<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау);Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | сюжеттік ойыншықтармен ойындар,<br>ертегі оқып беру;<br>үстел үсті театры және т.б. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | 16.50-18.00 | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Анаң мен әкеңнің есімдерін ата», және т.б. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Келесікездескенше!» Балалар, ата-аналар мен қарым-қатынас Балалардыңүйгеқайтуы. | 18.00 | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Психологтің кеңесі: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Отан-отбасынан басталады». | «Менің отбасым» тақырыбына сурет көрме ұйымдастыру. |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.